



«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«Шаңырақ» бобекжай-балабақшасы» МКҚҚ



БТБ бойынша дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойын

Тақырыбы: «Ақшаны жұмсауды үйренеміз»

«Балдәурен» ортанғы және ересек аралас тобы

Откізген: Тәрбиеші Алдиярова Н.К.

Хромтау ауданы, 2025 жыл

Тақырыбы: «Ақшаны жұмсауды үйренеміз»

«Балдәурен» ортаңғы және ересек аралас тобы

Мақсаты: Балалардың қаржылық сауаттылығы бойынша қарапайым білімдерін қалыптастыру,

(заттарды тексеріп қарау, олардың көлемін көзбен көріп ойлауды, есте сактауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту)

Елімізде қаржы сауаттылығын арттыру және оны дамыту үшін мемлекет тарапынан бірнеше шаралар мен бағдарламалар қарастырылған.

Мектепке дейінгі ұйымда Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша тәрбиеленушілермен қаржылық сауаттылық, ақшаны жұмсауды үйрену жолдарын қалыптастыру сабактары өтізіліп тұрады.

Балаларымыздың қаржы сауаттылығымен өссе, жанұяның болашақтағы қаржы мәселесі өздігімен реттеліп отырады.

Осы аталған қағидаларды балалардың санасына сініріп отырғанымыз дұрыс. Ақшаның өмірдегі алатын орны, оны тиімді жұмсауды менгерту.

Балалардың еңбек және экономикалық білім алуға, ізденуге, ақшаны қалай жарату, қалай көбейту, қалай үнемдеу керектігі жөнінде толық жүйелі түрде білім дағдыларын үйлестіру, біліктіліктерін арттыру жолдары бойынша жұмыстану мақсатында, балалармен «Дүкенші» дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойын ойнатылды.

Балалар дүкен сөрелерінен азық-түлік, ойыншықтар т.б сатып алғып, ақшамен сауда жасауға деген қызығушылықтарын танытты.

Ақшаны тану, ұсақ және үлкен соманы үнемді жұмсау жолдарын үйренді. Сатып алған заттарының аталуын, оны не үшін қажетімізге жаратамыз, пішіні, түр-түстері қандай деген сұрақтарға жауап алғынып, сөздік қорларын дамыту.

Балалар сатып алған заттарын көрсетіп, қуанышты сезімдерімен үнемделген ақшаларын санап, ойынға белсене қатысты.

Ойын сонында қорытынды сұрақтарға жауап алғынды, керемет көніл-күймен балалармен ойын аяқталды.



